

Күршім ауданының аумағында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық ставкасының мөлшерін төмендету туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2025 жылғы 23 маусымдағы № 39/15-VIII шешімі. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы № 45/2-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 28.11.2025 № 45/2-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т қараңыз.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Күршім ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Күршім ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Күршім аудандық мәслихатының төрағасы

К. Бахтияров